

**Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің
жекелеген мәселелері**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 18 маусым N 516. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.06.14. N 826 қаулысымен.

ТМД мемлекеттерін қоса шетелдермен сауда-экономикалық байланыстардың кеңейуіне және мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі нығайту мен сыртқы экономикалық байланыстарды реттеуге байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіне ТМД мемлекеттерімен сауда-экономикалық байланыстарды үйлестіру, бұрынғы одақтас республикаларға өнімдер (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспорты мен импортын ұйымдастыру мен лицензиялау және кредиттік есеп айырысу қатынастарын реттеуге байланысты ұсыныстар дайындау жөнінде қосымша міндеттер жүктелсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі орталық аппаратының саны 20 адамға көбейтілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бюджетті дәлдеу барысында қосылған адамдарды ұстауға қаражат көздейтін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі